**"Қазтеңізкөлікфлоты" ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 25 мамыр N 714. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 маусымдағы N 702 ~P020702 қаулысымен.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Z980281_ Заңына сәйкес және "Қазтеңізкөлікфлоты" ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) органдарын құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен және Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қайрат Серікұлы Қырымовтың Қоғам Басқармасының төрағасы (Бас директоры) болып сайлануын;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің қосымшаға сәйкес құрамда сайлануын;

3) осы қаулыны іске асыру үшін қажетті шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

2. Мыналардың:

"Қазтеңізкөлікфлоты" ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы" жабық акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 наурыздағы N 417 P000417_ қаулысының;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 наурыздағы N 417

қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 сәуірдегі N 506

P010506_

қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Д.К.Ахметовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 25 мамырдағы
N 714 қаулысына
қосымша

"Қазтеңізкөлікфлоты" ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы" жабық акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің құрамы

Зверьков Вадим Павлович - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі, төраға;
Құлыбаев Тимур Асқарұлы - "Мұнай және газ көлігі" ұлттық компаниясы" ЖАҚ Басқармасының төрағасы (Бас директоры);
Андрющенко Александр Иванович - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда вице-министрі;
Кадюков Николай Викторович - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары;
Қырымов Қайрат Серікұлы - "Қазтеңізкөлікфлоты" ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы" жабық акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы ( Бас директоры).

Мамандар:
Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК